

ӘОЖ 37.034

ЗАМАНАУИ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Қыдырханова Нәзира Кеңесқызы

Knk080897@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс
магистранты, Нұр-Сұлтан қ.

Ғылыми жетекші- Толеубекова Рымшаш Камешевна

п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы Тамыз конференциясында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, өзінің парасатты пікірлері мен көзқарастарын білдірді. «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларына сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс», - деп ел келешегіне үміт артады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ойын айқындау басты міндет екендігі айтылған. Олай болса, қоғам болашағы – жеткіншектердің бойында адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана- сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет. Осы ретте оқушыларды басты көрсеткіш негізіне алып, оның өздігінен дамуына мақсаттылықпен

жүйеленген жаңа тәрбие парадигмасының болуы, онда ең басты объект адамгершілік тәрбие етіп, оқушының барлық қабілетіне мүмкіндіктер жасалынуы керек.

Адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық даму сатысында зерттеу объектісі болғаны белгілі. Мектеп оқушыларында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі барлық кезеңдерде де өзектілігін жоймай, үнемі педагогика ғылымының зерттеу нысаны болудан тайған емес. Адамгершілік тәрбиесі адамзат қоғамының даму барысында

зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің өзегі бола білген. Ежелден Әл-Фараби, Шоқан, Абай, Ыбырай сынды шығыстың ұлы философтары мен ойшылдарын адам оның тәрбиесі мәселесі қатты толғандырған.

Ұрпақ тәрбиесін Аристотель, Сократ, Платон, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, Б.С.Гершунский, И.П. Подласый, И.Ф. Харламов т.б. өздерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Адамгершілік тәрбиесінің философиялық қырынан Ж. Абдильдин, Д. Кішібеков, Ә. Нысанбаев, Қ. Сүленбаев, Ғ. Есімов, Т.Ғабитов, Қ.Б.Жарықбаев т.б. заманымыздың ұлы зиялылары Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, С.Торайғыров жеке тұлғаның адамгершілік дамуымен ұлттық мәдениетін қалыптасуын зерттесе, П.П. Блонский, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, С.П. Щатский, Ш.А. Аманов, Н.Е. Шуркова т.б. өздерінің педагогикалық-психологиялық іргелі зерттеу еңбектерінде адамгершілік тәрбиесінің теориялық негізін анықтаған. Адамгершілік тәрбиесінің өзекті мәселесін Қ.Б. Бержанов, Т.Т. Тәжібаев, А.И. Сембаев, Г.А. Уманов, А.Т. Сейтешев, С.А. Ұзақбаева, А. Көбесов, А. Бейсенбаева, Л.А. Байсеркеев, Б.Ы. Муканова, Л.К. Керимов, В.А. Ким, В.А. Калюжний, Р.К. Толеубекова, Э.А. Уринбасарова адамгершілік тәрбиесінің қазіргі қоғамның даму бағыттарын жан-жақты зерделеген. аталған проблеманың педагогикалық- психологиялық, әлеуметтік мәселелерін қарастырған шетел ғалымдары М. Вебер, О. Конт, А. Комбс, А. Маслоу, В. Франкл, К. Роджерс, А. Тойнби т.б.

Адамгершілік тәрбие туралы Толеубекова Р.К.: «Адамгершілік қоғамдық өмірдің объективтік заңдылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын, талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін жалпы адамзаттық ұғым. Ал тәрбие – өз тарапынан әлеуметтік-мәдени тәжірибені шығармашылықпен меңгеруші. Себебі, оның болашақ ұрпаққа әлеуметтік ортаның ықпалын үнемі реттеп отыруда мол мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, мектеп оқушыларының әр жақты өзіндік тәжірибелерін қалыптастыруда, ал кейде олардың тұлғалық дамуына кедергі болатын ортаның келеңсіз жағдайларын болдырмау шараларына оқушыларының өздерін қатыстыру арқылы, әлеуметтік ортаның тәрбиелік потенциалын мақсаттылықпен пайдалану адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын айқындайды» - деді [2].

Ресейлік зерттеуші И.Ф. Харламов: "Адамгершілік тәрбиесі әрбір қоғамда адамның барлық өмірі мен іс-әрекетінде, еңбекте, тұрмыста, отбасында, барлық адамдармен қарым-қатынасында, саясатта және ғылымда, ойында, спортта т.б. өзінің мінез-құлқын реттеуде азаматтықты көрсетуімен анықталады",- деген [3].

Т.А. Ильина: "Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз '- оқушылардың бойында мінез-құлқтың белгілі бір сипаттарын және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалар мен ережелерін дарыту жөніндегі тәрбиешінің арнаулы мақсат көздеген қызметі" - деп қарастырады [4].

Тұлғаның дамуы және оның адамгершілік тәрбиенің жоғары деңгейіне көтерілуі жан дүниесінің, құндылық бағдарларының, рухани мұраттарының, мүдделерінің, қажеттіліктерінің қалыптасуы мен дамуымен және жеке тұлғаның шығармашылық, рухани бай өмір мен іс-әрекетке араласуымен анықталады. Адамгершілік тәрбиенің міндеті – жеткіншектерді өзіне және жалпы қоғамға объективті түрде пайдалы құндылықтарды таңдауға үйрету. Сонымен, адамгершілік тәрбие дегеніміз – оның ішкі дүниесінің тірегі болып табылатын тұлғаның адамгершілік саласына мұғалімнің ұйымдасқан мақсатты ықпал ету процесі. Бұл ықпал жеке адамның сезімдеріне, тілектеріне, пікірлеріне қатысты біріктірілген.

Жеткіншектік кезең – балалық шақ пен ересектік (11-12 жастан 16-17 жасқа дейін) онтогенетикалық даму кезеңі, ол жыныстық жетілу және ересек өмірге кіруге байланысты сапалық өзгерістермен сипатталады. Бұл кезең адамның тез өсуімен, жеткіншектердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне айтарлықтай әсер ететін жыныстық жетілу процесінде дененің қалыптасуымен сипатталады. Жеткіншектердің жаңа психологиялық және тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың негізі олар жүзеге асыратын әр түрлі іс- әрекеттер – оқу іс – әрекеттері, шығармашылық әр түрлі сабақтар, спорттық ойындар процесінде байланыс жасау болып табылады [5].

Заманауи жеткіншек – бұл жас дағдарысын бастан кешіретін адам. Дағдарыс – ескі нәрсе жойылып, жаңа нәрсе пайда болуы керек. Жеткіншектік дағдарыс жағдайында балалардың мінез-құлқы үлгілері, соның ішінде ересектердің мінез-құлқымен ауыстырылуы керек. Жеткіншектер – ересек өмірге қадам басқан балалар. Қазіргі жеткіншектер өте күрделі әлемде өмір сүреді, бұл, әрине олардың ата-аналары жас кезінде өмір сүрген әлемнен өзгеше.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамы, азаматтардың жаңа типтеріне – өз Отанын барынша сүйетін, халықтың тәуелсіздігі үшін терең ойланатын және жауапкершілікті сезінетін, олардың өмірінің барлық тұстарын көре алатын, көпмәдениетті және көп ұлтты ортада салауатты өмір сүре алатын азаматтарға мұқтаж екендіктерін қатты сезінеді. Ал қазіргі жеткіншектердің жеке тұлғасын дамытудың негізі оның адамгершілігінің толысуы, әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық тұрғыдан өзін-өзі тануының жоғары деңгейі болып табылады.

Заманауи жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Жеткіншектердің осы тұрғыда дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құндылық, т.б. қасиеттер әсер етеді. Олар үлкендермен қарым-қатынас жасауда өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, оқушыны адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі – өзін-өзі тану. Бұл пән оқушылардың өзара қарым-қатынасын дамытуына ғана емес, сондай-ақ баланың өзін-өзі тануына адамгершілік негіздерін жинақтауына, сана-сезімінің қалыптасуына, қоршаған ортамен сүйіспеншілік, ізгілік және өзара түсіністік негізінде өзара байланыс құра білуіне, бір тұтас тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

Мектеп қабырғасында оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының адамгершілік тәрбиеге әсері зор. Оқушылардың бойына адамгершілік, ізгілік пен кішіпейілділік, сүйіспеншілік, имандылық пен рахымшылдық, адамды қастерлеу, сыйлау, сенім, әділеттілік, қанағатшылдық тағы да басқа қасиеттерді арттыра түседі. Тәрбие жұмыстарының басым бағыттарын айта кетсек: бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие; екінші бағыт – рухани адамгершілік тәрбие; үшінші бағыт – ұлттық тәрбие; төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі; бесінші бағыт – еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; алтыншы бағыт – зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; жетінші бағыт – көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; сегізінші бағыт – дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Осы бағыттар негізінде оқушының әлемді және өзін интуитивті тұрғыдан ұғынуына, өзін-өзі зерттеуіне, өзін-өзі жетілдіруге жағдай жасалынады.

Біз тілге тиек етіп отырған жеткіншек оқушылар бүгінгі өркениеттің жасампаздығынан туған уақыт нәтижесі екені анық. Дегенмен, бұл буын да кешелілердің жалғасы, ертеңгілердің басы. Қалай болмасын қоршаған ортаның, ата-анасы мен мектептің ықпалында болары сөзсіз. Оның үстіне жас мөлшерлері әлі өтпелі, қалыптасу кезеңінде.

Қорытындыда айтарымыз, адамгершілік тәрбие тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмейді. Мектептердегі адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі талаптарын ғана емес, болашаққа да бағытталуы тиіс. Оқушы қанша білімді болғанымен, оның адамгершілік тәрбиесі жетіспей жатса, ел келешегін ойлайтын азамат та бола

алмайды. Сондықтан да адамгершілік тәрбие білім мазмұнының тұғырнамасы болуы тиісті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. «Білім және ғылым», Тамыз конференциясы. 2019 жыл
2. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. Алматы, 2001
3. Харламов Н.Ф. Педагогика. –М., 1999. – 519 б.
4. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1977. – 488 б.
5. Р. Кенжебаева Педагогикалық зерттеулер. Алматы: 2004